

**№1 Сайрам балалар саз мектебі**

# **БАЯНДАМА**

**Тақырыбы: ХАЛЫҚТЫН МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫН  
ТӘРБИЕДЕ ПАЙДАЛАНУ**

Орындаған: Мұсабекова К.Н.

**Шымкент 2022 ж**

## ХАЛЫҚТЫН МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫН ТӘРБИЕДЕ ПАЙДАЛАНУ

Қазақ халқының ән шығармашылығында лирикалық әндер ерекше орын алады. Өзінің мазмұны жағынан лирикалық әндер мейлінше сан қылыш. Олардың бірінде ғашық жандардың толқыныс сезімдері, сүйген жардың сұлулығы нәзік жырланса, екіншісінде экономикалық және әлеуметтік теңсіздік салдарынан бір-біріне қосыла алмаған екі жастың қайғы-мұнды, енді бірінде жеке бастың күйініш-сүйінішімен үштастыра отырып туған жердің табиғаты терең сезіммен бейнеленеді. Лирикалық әндерге, қайтып оралмайтын жастық шақ туралы мұнды ой-толғаулары да, сүйікті аты немесе бүркіті мерте болған кездегі өкініш-наласы да арқау болады. Осындай мазмұны жағынан алуан түрлі лирикалық әндерге, мысалы, "Қорлан" (Естай Беркімбаев), ""Ақбөпе (Садықбектің әні), "Япырай", "Гаунартас", "Жиырма бес" (халық әндері), "Құлагер", "Маңманғер" (Ақан сері Қорамсаұлы) және т.б. көптеген әндер жатады.

Мысалы, "Япырай" әнінің мәнері музыкалық және поэтикалық бейнесінде табиғаттың сұлу көрінісі мен адамның рухани көніл күйі:

Жаз болса жарқыраған көлдің беті,  
Көгеріп толқындаиды, япыр-ай, алыс шеті,  
Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын,  
Шайқайды жас баладай, япыр-ай, желдің лебі.  
Алтын бу ақ көбіктің бетін жабар,  
Судан бу көкке төніп, япыр-ай, мажан тагар,  
Есіме ақ еркемді алған кезде,  
Ақ маржан жылт-жылт етіп, япыр-ай, жерге тамыр, -  
деп байланыс тауып жатса, "Гаунартаста" сүйген жардың ажары атқан таңға, шолпан жүлдізға теңеледі, үстіндегі киген киімі, әсерлі жүріс-тұрысы, бойындағы асыл бүйымдары, әсемдігі салыстырмалы түрде суреттеледі. Бұдан біз халықтың эстетикалық талғамының, эстетикалық көзқарасының жоғары болғанын, нағыз әсемдікті түсініп, сезіне, тебірене білгенін, өзінің көніл күйін, алған әсерін, жүрек толқыны арқылы, небір тамаша салыстырмалы теңеулер арқылы жеткізе білгінін көреміз.

Қазақ халқының өн шығармашылығының барлық жанрларынан барлік әлеуметтік теңсіздікке, адамды адамның қанауына наразылық, аңы тұрмыс пен жоқшылыққа налу сарының үшіраратамыз. алайда көптеген әндерге феодалдық өмір салтына, экономикалық және әлеуметтік езгіге қарсы наразылық пен курес тақырыбы жетекші орын алады. Мұндай әлеуметтік наразылық әндері әділет, жарқын болашақ, ендік, өз тағдырын өзі шешу құқығы жолындағы күреске шақырады. Мысалы, "Гүлдерай!", "Әупілдек", "Қойшы" (халық әндері), "Көк шолақ" (Кенен Әзірбаев), "Жанбота" (Бірржан Қожағұлұлы), "Ақ Сиса" (Жаяу Мұса Байжанов) және т.б.

Ал **тарихи әнде** балалар мен жастарды халық өміріндегі сан қылы оқиғалармен таныстырып, халықтың халық болып қалыптасуына сүбелі үлес қосқан елбасыларына, ел басына күн туған кезде толарсақтан қан кешкен батырларға құрметпен қарауға тәрбиелеп, әділдік пен адалдыққа үнделп отыған. Соның бірі- "Исатай" әні. Ол 1836-1837 жылдары Бөкей ордасында болған Исатай батырдың Жәңгір ханмен жауласуы кезінде шыққан, тарихи кезеңмен тығыз байланысты әннің тағы бірі "Елім-ай". Одна халықтың мұң-зары, туып-өскен атамекеніне деген сүйіспеншілігі, перзенттік қимастық сезімі көрсетіледі.

XIX ғасырда академик В.В. Радловтың: "Қырғыз (қазақ-С.Ұ.) өз әндерінде ертегіде айтылатын қайдағы бір ғайыптан пайда болған қоқынышты дүниені дәріптемейді, қайта ол өз өмірін, өз сезімдерін мен мұраттарын, қоғамның әрбір жеке мүшесі жүргегінде жүрген идеяларды әнге қосады, тыңдаушылары жаратылыстан тысқары қайдағы бір кереметтерден емес, нақты шындықтан ләzzат алады"<sup>3</sup>- деген сөздері біздің жоғарыда айтқан пікірімізді дәлелдей түседі.

Әннің терең мазмұндылығын тыңдаушысына дұрыс жеткізу әншінің көркемдік ой-өрісіне, оны бейнелі түрде жеткізе білуіне, орындаушылық шеберлігі мен дауыс құбылысының сүйкімділігіне де байланысты. Мұндай талабы бар әншілерді халық өте құрметтеген, олардан мақтау сөзін аямаған, "күміс көмей әнші", "жез таңдай әнші" деп кошеметеп отырған. Бұдан әншінің орындаушылық өнерінің қалыптасып, дамуына қоғам ортасының әсері мол болды деген пікі туды. Тағы бір ескеретін жай, ән өнері халықтың өзіндік әншілік мектебіне байланысты, дәлірек айтқанда,

тәжірибелі әншілердің жас талаптарды өз қамқорлығына алып тәрбиелеуіне байланысты дамыды. Яғни тәжірибелі әншілер өз ізбасарларын өздері тәрбиеледі, оларға өздерінің әншілік өнерінің қырсырын үйрететті, өздері сияқты айтуға баулыды, сөйтіп өздерінің әншілік дәстүрін жалғастыруға ықпал етті.

Сондай әншілердің ішінен Біржанды, Ақан серіні, Мұхитты, Жаяу Мұсаны Байжановты, т.б. атауға болады. Бұл әншілердің ерекшелігі- дауыстарының табиғи дарындылығымен шектеліп қана қоймай, сол дарындылықты мақсатты түрде байытып, жетілдіріп отыруы және осы қасиеттерді жас таланттардың бойынша да сіңісті ете білуі.

Сонымен түрлі жанрдағы әндер халықтың эстетикалық көзқарастарын және өсемдік жөніндегі түсінігін білдіре отырып, балалар мен жастарға музикалық-эстетикалық тәрбие берудің иімді мұраларының бірі болды. Олар өзінің қарапайымдылығымен, әуезділігімен, сюжетерінің байлығымен, өмірдің, табиғаттың, түрмистың алуан түрлі құбылысына сан қылыш музикалық үн қосуымен, тамаша поэтикалық тұлғасымен және терең мазмұнымен айналадағы түрмис құбылыстарына шығармашылық қозқарасты қалыптастыруға жәрдеместі. Күні бүгін де көпеген халық әндері кесіпқой әншілер мен көркемөнерпаздардың, мектеп оқушыларының репетурарынан берік орын алып, көпшілік игілігіне айналып отырғаны соның біден-бірі айғағы.

Балалар мен жастардың музикалық тәрбиесінің соның ішінде әншілік дағдысының дамып, жетілуіне **құранның** да әсері аз болмады. "көне мәдениет жазбалары" кітабында әкелі балалы Коныратбаевтар құранның музикалық мақамы туралы өз пікірлерін былай деп көрсетеді: "Дін иелері Құранды жатқа білумен қатар, оны мақамдап айта білуге де міндетті болған. мұның өзі оларға қойылатын көптеген талап-тілекте тудырып отырған. Біріншіден, молданың тәп-тәуір ән (мақам) айты білуі қажет болған. Демек, оның музикалық қабілеті болуы шет. Екіншіден, молданың айналасындағы жүртқа әсер етерлік дәрежедегі анық та қоныр дауысы болу керек. Мінбараға шығып азан шақырғанда, молдалар дауысты шаһар тұрғыдарына еркін жететін болған, үшінші ерекшелігі, кейбір молдалар Құран мақамын өте күрделі, ауыспалы, аумалы-төкпелі мақамдармен (ладтармен) айтатын болған. Арнайы музикалық білімі бар мамандардың өзіне ауы соғатын мұндаі

мақамдарды еркін орындаған молдалардың музыкалық қабілеті өте жоғары болған осыдан-ақ байқалса керек. <sup>"4</sup> Және өз пікірлерін дәлелдей түсү үшін кейбір мақамдардың орындау ұлгілеріне тоқталып, оның ладтық ерекшелігіне қысқаша түсініктеме берген. Біздер де олардың осы пікірін қостай отырып, құран мақамдарын үйрену кезінде балалардың музыкалық тәрбиесіне ықпал еткен кейбір құптарлық фактolarға (шартты түрде) тоқталып өткенді жөн көрдік.

**Бірінші фактор-** құранның әр саласының өзіне тән мақамының болуы, мұның өзі болашақ молдалардан музыкалық қабілеттілікті (дауыс, есту, ыргақ т.б.) талап етті.

**Екінші фактор-** құранды үйрету баясында әр түрлі әдістемдерді пайдалану (айтып көрсету, жаттығу, қарапайымнан күрделіге көшу). Егер молданың алдымен өзінің айтып көрсетуі, соナン соң балаларға бірнеше мәртебе қайталатуы- түсініксіз сөздерді тез есте ұстап қалуына, құранды жылдам менгеруіне септігін тигізсе, құран сөздерін алдымен әріптеп, соナン соң буындал әндептіп айтқызы - мақамды бірігіп айту, мақамды орындау кезінде бірін-бірі тындаі білу тәжірибесі дағыландыруға, музыкалық есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал еті, музыкаға деген ынтасын артыруға да көмегін тигізді десе артық болмайды.

**Үшінші фактор-** құран үйрену кезінде қойылған талаптар: кеудені тік ұстан отыру, құран сөздерін анық, таза айту, мақамды интонациялық түрғыда таза орындау, мақамды айқайламай, майда қоңыр дауыспен айту, көңіл мен зейінді тек құран сөзі мен мақамына аудару.

Әрине құранның жағымсыз жақтары да болды, олар мақамды үйрету барысында құран мазмұнын балаларға түсіндірмеу, құрғақ жаттауға көңіл бөлу, көбіне жас ерекшелікттерін ескермеу, жазалау әдісін кең пайдалану.

Тағы бір көңіл аударатын жай- құран мақамдарының халық уендерінен айырмашылығының жоқтығы. Бұл туралы С.А. Аязбеков өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында былай деп дәлелдейді: "Мәдени ұлгілердің дәстүрлі музыкамен аса тығыз байланысы, олардың араб-ислам қоғамының музыкалық өміріне табиғи түрде үстемелене енуі құранның сазды мақамdap оқу принциптері едәуір дәрежеде халықтық үрдісте кеңінен мәлім алуан түрлі халықтық

әуен айналымдарына құрылғанына байланысты болды... Өйткені Құран оку арнаулы дағдыларды талап еттетін музикалық өнер ғана емес, сонымен бірге музикалық жаппай оқыту қатар жүріп жатқандай болады"<sup>4</sup>. Яғни бұл түсініктемеден халық әуені дін саласында ерте заманнан пайдаланылған деген ұғым туады.

Біздер Құран мақамына бекер көңіл бөліп отырған жоқпыз. Жоғарыда көрсетілген талаптар мен әдіс-әсілдер бүгінгі күнде хормен айту кезінде кеңінен пайдаланылады. Мәселен, хор құрамына тек әншілік қабілетті бар баланы алу, өлең айту кезінде кеудені тұзу, еркін ұстау, әннің сөзін анық айу, бір-бірін тыңдау, айқайламай айту, әуенді интонациялық түрғыда таза орындау, бір айтқаның бірнеше рет қайталау т.б. Олай болса, құран мақамдарының тек зиянды жағын ғана көре бермей, пайдалы жақтарына да көңіл аударып, өзімізге қажетті жегендерін алып тәжірибе жүзінде пайдалануымыз керек.

Қазақтың музикалық шығармаларының ішіндегі ең ірі жанры, композициялық құрылымы жағынан халық музикасының күрделі бір саласы- **күй**. Күйлердің мазмұны халықтың басынан кешірген қасірет-тауқыметі мен әділетсіздікке қарсы күресіне, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезіміне негізделіп, терен толғанысмен өрнек бояудын тауын отырады. Күйлерде (тариҳи, әлеуметік, лирикалық) қазақ халқының басынан кешірген тариҳи оқиғалары, туып-өскен жердің табиғаты, күнделікті тіршілік қараетінің түрлі жақтар, қоғамдық өмір құбылыстарына және өнерге деген көзқарасы, сондай-ақ сол өнердің адамның эстетикалық сезіміне, талғамына ықпалы бейнеледі. Күй - халық аспаптары домбыраға, қобыз берен сыйызғыға арнап туындаған музикалық шығармалар.

Қазақ халқының күйшілік өнері өзінің дәстүрлік ерекшелігіне, орындау мәнеріне, қағыс тәсілдері мен түрлеріне қарай негізінен екі үлкен мектепке жатады. Бұлар күй құмар қауым арасында төкпе күй және шетпе күй деген атпен белгілі. Бұлардың атынан-ақ аңғарылып тұрғанындей, бірі қос тиекті жалпылама қағыспен төгіп тартылса, екіншісі ішік бойлай саусақпен шертіп орындалады.

Төкпе күйлер атақты Құраманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінен бастап, ірілі-уақты көптеген окрестр, ансамбльдердің репетуарларынан кеңінен орын алған. Оның Құраманғазы, Сейтек, Қазанқап, Дина және т.б. секілді кесек

тұлағалы өкілдерін білмейтін қазақ жоқ. Жалпы алғанда төкпе күйлер республикамыздың батыс өнірінде басым дамыған десек қателеспеймыз.

Күйдің екінші мектебіне шертпе күйлер жатады. Шертпе күйлер шығысы Алтай, Табагатай тауларынан бастап Шыңғыс тауы, Ұлытау, Жетісу, Қаратай, Сыр бойына дейінгі қоныстанған ел арасына ертден кеңінен таралған. Күйдің өзіндік жанрлық ерекшеліктерін даралайтын бұл дәстүрінің Байжігіт, Тәттімбет, Тоқа, Саймақ, Дайрабай, Баубек, Қыздарбек, Әбді, Сүгір, Әлшекей, Бапыш, Байсерке, Ораздық сияқты көптеген өкілдері болған. Осының өзінен-ақ төкпе күйдей шертпе күйдің де қоры мол екенін сезінуге болады.

"Төкпе күйлерді тындалп отырып ерлік пен елдік, жастық жігер, кең даланың белін қайыстырар арғымақтар дүбірі, жарқ-жарқ еткен алмас қылыштар жарқылы көз алдына елестесе, шертпе-күйлерде - бейбіт Өмір, биязы табиғат, тәтті қыл, қол жетпес аман, күйініш сүйініш сезімдері жан-журегінді баурайды. Төкпе күйлер негізінен күрескерлік, ерлік рухты бейнелесе, шертпе күйлер романтикалық, лирикалық, философиялық ой түйіндерімен ерекшеленеді"<sup>5</sup>.

Әлбетте, күй жанры үзілді-кесілді екі гана топқа бөліп тастау орынды бола қоймас еді. Басқасын былай қойғанда, бір бойында төкпе күйдің де, шертпе күйдің де элементтері алмакезек молынан ұшырасатын күйлер де аз емес. Сол секілді кейбір зерттеушілер "еспе күйлер", "тармақты күйлер" деген атауларды да қолданын жүр. Бұлардың түсін түстеп, лайықты ғылыми баға беру, сөз жоқ, музика зерттеушілерінің үлесінде болуға тиіс.

"Қазақ халқының күйшілік дәстүрінде, күй өнерінде тармақты (циклды) күйлер де айрықша орын алады. Тармақты күйлер ден бір тақырып төңрегінде топтасып, бір атаумен аталған күйлер тізбегін айтып журміз... Тармақты күйлердің тақырыбы ғана аттас емес, ең алдымен күйдің сарын-сазындағы, тартылу мәнеріндегі ерекшелік бұл дәстүрдің кездейсок құрылыш емес екенін аңғартады. Мәселен, "Тоғыз тарау" аттауымен белгілі тармақты күйлер бірыңғай теріс тартылса, "Қосбасар" аттауымен белгілі тармақты күйлер көбіне домбыраның белінен қос ішекті кезек шерту арқылы тартылатын қоңыр күйлер болып келеді. Ал "Ақжелең" аттауымен белгілі тармақты күйлер болса, өзінің қайталап тартылатын буынды

үлгісімен, сұлу суреттерге толы тартымды саздарымен ерекшеленеді”<sup>6</sup>.

Қобыз аспабын қазақ халқы киелі санап, оны құдіретті қүшке бағалаған. Қобыз дәстүрі шаман дінінің және осы дін өкілдері-бақсылардың пайда болу үрдісімен тығыз байланысты болып, қобыз аспабы бақсының зікір салу кезінде демеуші аруақтармен тілдесіп отыратын негізгі құралына айналады. Қобыз аспабының құдіретіне мейлінше сендіру үшін бақсы оны ат жарыс бәйгесіне де қосып отырган. Ол бақса дәстүрімен қатар жыраулар шығармашылығынан да үлкен орын алады.<sup>7</sup> Қобыз күйлеріне тән қасиет-табиғаттың, жан-жануар, құстардың дауысына, қасқырдың ұлына, акқудың сұңқылына, аттың шабысына еліктеуі (“Жезкиік”, “Шыңырау”, “Аққү”, “Абыз толғауы” т.б.).

Музыка іс жүзінде көркем шығармашылықтың барлық түрлерімен дерлік қатарласа отырып, болмыстың бүкіл құбылыстарын түсінікті, әрі жеңіл бейнелеп берді. Мәселен, азыз-күйлерде: “Ақсақ құлан”, “Тепеңкөк”, “Наридірген” (халық күйлері). “Қорқыт”, “Шыңырау” (Ықылас) домбыра және қобыз тілімен қазақтың кең жазира даласы, онда ел қамын жеп, жарғақ құлағы жастықа тимеген ерлер туралы, халық өмірінің белгілі бір кезеңіне қатысты қайсыбір тарихи оқығалар, өнердің күші, оның өшпес мәңгілік екені жырланады. “Ақсақ құлан” күйінің мазмұны, мысалы, мынадай. Қаһарлы Шыңғыс ханға онын сүйікті ұлы Жошының қайғылы өлімін ешбір адам хабарлауға батылы бармайды. Қаралы хабарды жеткізушіні қатыгез өлім тосып турды. Тек қана атақты жырау Кет-Бұғаның тамаша музыкасы ғана ханға ұлының қазасы туралы шындықты жеткізді. Қатты қапаланған Шыңғыс хан, өзінің қаралы хабарды жеткізушінің көймейіне корғасын құямын, деген сертін есінде ұстап, домбыраны жазалауға бұйрық берді. Міне содан бері домбыраның шанағында тесік қалған деседі.

Халық арасында басқа да аспаптардың шығуына байланысты азыздар көптен кездеседі. Соның бірі-“Жетіген” аспабы туралы.

“... Ертеде өмір сүрген бір шалдың жеті ұлы болыпты. Бір жылғы жүртта әлгі шалдың қолындағы бар малы қырылады. Суық үйдің берекесі кетеді. Киіз үйдің шаңырағына бақытсыздық орнап, жеті ұлы бірінен соң бірі өледі. Өлегенниң артынан жоқтау айтып ас беруге еш қаражаты жоқ шал кепкен ағаштан ойып “Жетіген”

жасапты. Үлкен ұлы өлгенде оған бір ішек тағып, тиек орнатады. “Қарағым” деп атап, жоқтау күйін тартады. Екінші ұлы өлгенде ішек тағып, “Қанат сынар” күйін орындаиды. “Жұрт жеті ағайынды” дегендей ұлдары бірінен соң бірі өлген шал бір-бір ішектен таға отырып, “От сөнер”, “Бақыт көшті”, “Күн тұтылды”, “Жеті баламнан айырылып, құса болдым” деген жаңа күйлер шығарыпты- мыс. Сөйтіп “Жетігенге” жеті ішек тағылатын болыпты дейді”.<sup>8</sup>

Әрине, бұл аңызды тек бір жақты-аспаптың шығу тарихымен ғана байланысты түсінуге болмайды. Мұндағы ең өзекті мәселе-шалдың көңіл-күйі, өмірде орны толmas қасіреті, жан жарасы.

Жарамды ән тыңдасаң жаңың еріп,  
Жабырқаған көңілің көтерілер-  
-деп ұлы Абай айтқандай, шалдың өзін-өзі күй арқылы басу айтуы,  
қайғы-шерін тарқатып, өзін жұбатуы екені құменсіз.

Мұндай аңыз-күйлер қазақтың халықтық педагогикасының құралы ретінде балалар мен жастарды тәрбиелеу ісінде пайдаланылды. Әдетте домбыра немесе қобызда күй орындаудың алдында күйші аңыз мазмұнын қысқаша баяндап өтеді. Ал мұның өзі балалардың естіген музыка мазмұнын түсінуін едәуір жеңілдетті, ақыл-ойдың жандана түсуіне жәрдемдесті (қиялын дамытып, музыка арқылы өз ойын, сезімін, тебіреніс-толғанысын бере білуге үйретті).

Әлбетте, музыканнтың өнері, суырып салма ақын-жыраудың өнері сияқты, аңыздың негізгі мазмұнын бере білуден ғана емес, сонымен бірге көркемдік және музыкалық шеберлігінен де көрінетіні аян.

Академик А. Жұбанов Ықыластың ежелгі халық аңызының негізгі құралған шығармаларының бірі-“Аққу” күйінен алған өсерін, көңіл сезімін былай суреттейді: “Аққудың ұшқанын бейнелейтін сызылған дыбыста естігенінде, музыкалық бейнелеу көрінісінің өсемділігіне, нақтылығына таңданасың, ал, аққу қалықтап су бетіне қонар кезінде күйші біртінде дыбыс үнін баяулатып жайлап соза түседі. Тіпті шекті тартып қалып, міне мылтықтың атылғаны деп қобызшының пицикато ойнауы тыңдаушыға өте өсер етеді. Қыздың қайғылы әні қобыздың жоғары регистрінде орындалады. Осы жері кәдімгідей сопрано даусына жақындаиды. Ал, кемпірдің жылағаны төменгі регистрде ойналады,

қарлыққан қарт кісінің дауысы сияқты. Ең соңғы шаттық өні (кемпір мен қыздың олжалы баламен кездесуі)- адамның ашықты жеңген, жаратылыстың тілсіз жауын жеңген салтанатты мерекесі”<sup>9</sup>. Олай болса, балалар мен жастардың да мұндай аңыз қүйлерді кірпік қаппай, аса бір зейінділікпен қызыға, құмарта тыңдауы кездейсок нәрсе емес.

В.А. Сухомлинскийдің: “Егер сәби шақта музыкалық шығарманың өсемдігін жүрекке жеткізе білсек, егер дыбыстардан бала адам сезімінің санқырлы реңін сезіне білсе, ол мәдениеттің ешқандай құралдарымен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі... Музыкалық тәрбие- бұл музыканты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу”- деуінде үлкен шындық жатыр.

Қазақтың халықтың педагогикасы өзіне тән құралдармен барлық уақытта осыған жетуге ұмтылды. Айта кеткен жөн, қазақ халқының аңыз-қүйлеріне, соның ішінде “Ақсақ құланға” француз жазушысы, әлем музыкасының мәнедиетін жетік білуші Роман Роллан өте жоғары баға берді. “Мен де сіз сияқты- деп жазды Р. Роллан қазақ музыкасын зерттеуші. А. Затаевичке,- “Ақсақ құлан” аңызының қарапайым әдістемен-ақ көңіл күшті өсер қалдыратынына қайран қалдым... тағы бір таңырқағаным, олар мен үшін бөтен болудан қалды, қалай болмасын мен олардан Еуропалық музыкаға жақындық тапқандаймын, бүгінгісімен болмаса да, бұрынға халықтық элементін жоғалтпағанымен”.

Міне осы қазақтың апсалтық- музыкалық мәдениетін жетілдіріп дамытуда, ересектер мен жас жеткіншектердің, өнерге соның ішінде музыкаға деген көзқарасын қалыптастыруда халық композиторларының, қүйшілердің ықпалы зор болды. Олар: Құрмангазы, Дәuletкерей, Тәттімбет, Ықылас т.б. Қай композитордың шығармасын алып қарасаңыз да орындаушылық ерекшелігімен, жан-жақтылығымен, музыкалық өуендейлігімен өзіне тартады. Мысалы, Дәuletкерейдің (1821-1875) қүйлеріне көркем мәнділік пен музыкалық форманың үйлесімділігі тән. Шығармаларының мазмұнында туған жерге деген сүйіспеншілік, халық мерекесінен көріністер, жақын адамдардың бейнесі, әйелдердің нәзік психологиясы, терең философиялық толғаныстар суреттелген.

Іқыластың (1843-1916) күйлерінің мазмұнының негізгі эпикалық тарихи, қияли және тұрмыстық тақырыптар мен сюжеттер енген.

Кезінде қазақ халқының тарихын зерттеуші Н.Ф. Савичев Құрманғазының ойынына қайран қалып, осындай екі ішекті қарапайым аспаптан кереметтей адам сезімін тебірентетін музикалық өуен шығару тек орындаушының дарындылығы мен шабыттылығына, орындау ерекшеліктеріне байланысты екенін ескерте отырып, “Сағырбаев-өте сирек кезедсетін музикалық дарын, егер ол Еуропалық білім алғанда, музика әлеміндегі тұлғалы жүлдyzдардың бірі болар еді...” деген болатын.

Құрманғазының шығармаларында қазақтың шексіз, кең жазира даласы суреттеледі, оның шығармашылығының негізгі өзегі-әлеуметтік теңсіздікке қарсы құресу. Ол өзінің тындаушысын мазмұндылығымен, әсемділігімен, кербез нақыштылығымен, жігерлі куатымен, борандатқан ұшқыр екпінімен барайды.

Құрманғазы шығармашылығындағы музикалық образдардың өзіндік ерекшелігі жан-жақтылығында, ауқымдылығында. Мәселеп, “Сарыарқа”, “Алатау”, “Бұлбұлдың құрғыры” күйлерінде туған жер, табиғат сұлулығы суреттелсе, “Төремұрат”, “Адай”, “Кішкентай” күйлері белгілі бір адамның образын суреттеуге арналған. “Қайран шешем”, “Қызыл қайың”, “Кісен ашқан”, “Тұрмеден қашқан”- күйшінің өз өміріндегі басынан кешкен оқиғаларға байланысты шығарылған.

Жалпы алғанда, күй шығармаларының қайсысы болмасын балалар мен жастарға өмір мен өнердегі әсемділікті, жарасымдылықты дұрыс қабылданбағалауға үйретті.

Халық та өздерінің сүйікті өнші-күйші, ақын, жыршы, термешілерінің өнерін өте жоғары балағанған, қай жерде болмасын оларға үлкен қошамет, ілтипат көрсетіп, балалар мен жастарды да өнер иелерін сыйлай білуге тәрбиелеген.

Балаларды халықтың музикалық мәдениетіне, музикалық аспаптарда ойнаға үйрету, музикалық шығармашылыққа тарту әдістемесінде де өзіндік ерекшеліктері болды. Мәселен, оларды сәби жастан музикалық аспапта ойнауға үйрете бастаған. Олардың үлгі тұтар ұстазы-ата-аналары мен музикалық қабілеті бар адамдар. Негізінен қазақ халқының ең көп тараған музикалық аспабы-

домбыраға үйреткен. Өйткені, қазақ халықының жан сезімі де, жан серігі де домбыра болған.

Домбырадай шежіре жыр болмаған,  
Даламыздың тағдырларын толғаған,  
деп бекер айтылмаған. Домбыра халық даналығы, “көне көз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі”, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұрасы.

Әншінің өзі домбырасымен сүйемелдей отырып жеке дауыспен ән айту немесе жеке домбырада күй тарту қазақтардың музыкалық өнерінің негізгі дәстурлі түрі болды. Аспапта ойнауга үйрету-көрсету, жаттыгу, естігенін еліктеп қайталау әдістерімен жүзеге асырылып отырды. Соның ішінде әсіресе, естігенін еліктеп қайталау әдісі баланың музыкалық есту қабілетінің дамуына, естіген әуенді тез арада қағып алып, қолма-қол аспапқа түсіріп ойнауына, ұзақ уақыт есте сақтауына септігін тигізеді. Мысалы, ұстаз аспапты қалай ұстауды, қалай күйін дұрыс келтіруді, он колмен қалай шертуді және сол колмен пернелерді қалай басу керектігін көрсеткеннен кейін, бір әуенді немесе шағын музыкалық шығарманы ойнайды, ал үйренуші сол естіген әуенін, көргенін өз аспабында қатарласа отырып қайталайды. Музыканы осылай жүйелі түрде, дәйекті жаттықтыру, ырғақты есте сақтау қабілетін дамытып, сол аспапты еркін, менгеру көмектеседі. Айта кету керек, бұрын қазақтар баланың жасын немесе бойын есепке ала отырып, аспаптарды өздері жасаған немесе сатып алып отырған. Жас мөлшерінің өсуіне қарай домбыраға үйрету әдістемесі де күрделене түсетін.

Мысалы, халық композиторы, тамаша күйші Дина Нұрпейісова 9 жасынан бастап күй шертті, алғашқы күйлерді өз әкесінен естіп, үйренеді. Ал әкесі домбарада жақсы ойнайтын. 1870 жылы Дина атақты домбырашы, қазақтың аспаптық музыкасының негізгі салушы Құрманғазымен кездеседі, ол оған орындаушылық өнердің алғашқы сабактарын береді. Сонда кейін ол әйгілі домбырашы Салауаткерейге жолығады. Ол Динаны өзінің әкесі, халық композиторы Дәuletкерейден үйреніп алған күйлерді орындауга үйретеді. Осылайша өзінің алғашқы ұстазы Құрманғазыдан және басқа да белгілі домбырашылардан Д. Нұрпейісова көптеген күйлерді үйренген. Дина халық композиторларының күйлерін ойнап қана қоймай, сонымен бірге

өзі де күйлер шығарады. Ол күйлер күні бүгін де халық арасында және профессионал музыканнтар арасында кеңінен танымал (мысалы, “Бұлбұл”, “Әсем қоныр”, “Байжұма”, “16-жыл”т.б.).

Өзінің жеке басының үлгісімен шәкіртін таңдандырып, оның әрбір ойының талдай отырып, қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп үйрете келе, “ұстаз” өз шәкіртінің шығармашылық жағынан өсуін мұқият қадағалап, шеберлігі мен ойнау дағдыларын жетілдіріп отырған.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі халықтық педагогикада пайдаланылған және бүгінгі таңда да музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету әдістемесінде қолданылып жүрген әдістердің алуан түрлі болғанын дәллідейді. Музыкалық үйрету мен тәрбиелеудің өзгешелігі арнайы музыкалық оқу орындарының, нота жазбаларының жоқтығында болатын, өз бетімен үйренген әнші-күйшілерден, ақындардан тәлім-тәрбие алу және белгілі бір өнер түрін игеру, өз шеберлігін жетілдіру үшін көргені мен естігенін ғажап есте ұстау қабілетін дамытудың қажеттілігінде еді.

Біздің ойымызша, бұл естігенін еліктеп қайталау әдісі- бүгінгі күнде ең бір қойлайлы, қажетті әдіс. Өйткені, нотамен ойнау үйренушінің музыкалық есту қабілетін жан-жақты жетілдіре алмайды, ол тек көру қабілетіне басымырақ өсер етеді, ал халық пайдаланған бұл әдіс, керісінше, үйренушінің музыкалық есту қабілетін ғана дамытып қоймайды, естіген әуенін тез арада аспапқа салып ойнау дағдысын қалыптастырады.